

Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілеріне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 23 шілдедегі N 369 Жарлығы

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

П р е з и д е н т і

м е н

Ү к і м е т і

а к т і л е р і н і ң

ж и н а ғ ы н д а

ж а р и я л а н у ғ а т и і с

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің мынадай актілеріне өзгерістер енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасы Президентінің жанынан Мемлекеттік наградалар жөнінде комиссия құру, оның құрамын және Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік наградалар жөніндегі комиссия туралы ережені бекіту туралы " Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 2 сәуірдегі N 2935 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1996 ж., N 14, 108-құжат; 1997 ж., N 2, 19-құжат; 2003 ж., N 41, 426-құжат):

аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік наградалар жөніндегі комиссия туралы ереженің 2-тармағындағы»"5-6" деген цифрлар»"6-8" деген цифрлармен ауыстырылсын;

2) **күші жойылды - ҚР Президентінің 29.08.2016 № 312 Жарлығымен;**

3) "Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Мемлекеттік бейбітшілік және прогресс сыйлығының мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 28 қыркүйектегі N 691 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы , 2001 ж., N 32, 421-құжат; 2002 ж., N 44, 436-құжат; 2003 ж., N 45, 487-құжат; 2004 ж., N 21, 266-құжат; N 51, 671-құжат):

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Мемлекеттік бейбітшілік және прогресс сыйлығы туралы ереженің 20 тармағында»"Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі" деген сөздер»"Мәдениет және ақпарат министрлігі" деген сөздермен ауыстырылсын;

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Мемлекеттік бейбітшілік және прогресс сыйлығын беру жөніндегі комиссияның дербес құрамына мыналар енгізілсін:

Саудабаев

- Қазақстан Республикасының

Қанат Бекмырзаұлы

Мемлекеттік хатшысы, төраға,

Орынбаев

- Қазақстан Республикасы Премьер-

Ербол Тұрмаханұлы

Министрі Кеңесінің Басшысы,

төрағаның орынбасары,

Бөрібаев - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат вице-министрі,
Асқар Ысмайылұлы хатшы,

Досжан - Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі
Ардақ Дүкенбайұлы меңгерушісі,

Ертісбаев - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрі,
Ермұхамет Қабиденұлы

Тәжин - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрі,
Марат Мұханбетқазыұлы

Түймебаев - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі;
Жансейіт Қансейітұлы

аталған Комиссияның құрамынан: Е.Ә.Аманшаев, О.Әбдікәрімов, Д.А.Калетаев, Е.М.Қосыбаев, Ж.Ә.Құлекеев, Қ.К.Тоқаев, А.А.Тілеубердин шығарылсын;

4) "Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік наградалар жөніндегі комиссияның құрамы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 29 наурыздағы N 829 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2003 ж . , N 4 1 , 4 2 6 - қ ұ ж а т) :

аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік наградалар жөніндегі комиссияның құрамы осы Жарлықтың қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

5) "Қазақстан Республикасы Президентінің жанынан Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және мемлекеттік қызметшілердің қызмет этикасын сақтауы мәселелері жөніндегі комиссия құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 2 сәуірдегі N 839 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2002 ж., N 10, 92 -құжат; N 32, 339-құжат; 2003 ж., N 9, 92-құжат; 2004 ж., N 14, 171-құжат; N 51, 671-құжат; 2005 ж., N 43, 573-құжат; 2006 ж., N 35, 374-құжат; 2007 ж., N 3, 36-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Жарлықтың тақырыбы мен мәтінінде "және мемлекеттік қызметшілердің қызмет этикасын сақтауы" деген сөздер алып тасталсын;

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және мемлекеттік қызметшілердің қызмет этикасын сақтауы мәселелері жөніндегі комиссия туралы ережеде:

тақырыбында және мәтінінде "және мемлекеттік қызметшілердің қызмет этикасының сақтауы" деген сөздер алып тасталсын;

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және мемлекеттік қызметшілердің қызмет этикасының сақтауы мәселелері жөніндегі комиссияның құрамында:

тақырыбында "және мемлекеттік қызметшілердің қызмет этикасын сақтауы" деген сөздер алып тасталсын;

аталған Комиссияның құрамына Саудабаев Қанат Бекмырзаұлы - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы, төраға болып енгізілсін;

көрсетілген Комиссияның құрамынан О. Әбдікәрімов шығарылсын;

б)»"Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Азаматтық мәселелері жөніндегі комиссия туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 10 қазандағы N 198 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., N 38, 4 2 1 - қ ұ ж а т) :

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Азаматтық мәселелері жөніндегі комиссияның құрамына:

Саудабаев Қанат Бекмырзаұлы - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы, төраға болып енгізілсін;

аталған Комиссияның құрамынан О.Әбдікәрімов шығарылсын.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 29.08.2016 № 312 Жарлығымен.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2007 жылғы 23 шілдедегі
N 369 Жарлығына

ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2002 жылғы 29 наурыздағы
N 829 Жарлығымен

БЕКІТІЛГЕН

**Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы
Мемлекеттік наградалар жөніндегі комиссияның
ҚҰРАМЫ**

Саудабаев - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік
Қанат Бекмырзаұлы хатшысы, Комиссия төрағасы

Сағдиев - Республикалық ардагерлер ұйымы

Мақтай Рамазанұлы кеңесінің төрағасы, Комиссия
төрағасының орынбасары (келісім

бойынша)

Көшкінов - Қазақстан Республикасы Президентінің
Ержан Сүлейменұлы Әкімшілігі Мемлекеттік бақылау және
ұйымдастыру жұмысы бөлімінің сектор
меңгерушісі, Комиссия хатшысы

Комиссия мүшелері:

Ахметов - Қазақстан Республикасы Қорғаныс
Даниал Кенжетайұлы министрі
Ертісбаев - Қазақстан Республикасы Мәдениет және
Ермұхамет Қабиденұлы ақпарат министрі
Жексембинов - Қазақстан Республикасы Парламенті
Жомартқали Байәсілұлы Сенатының депутаты (келісім бойынша)
Жұмабеков - Қазақстан Республикасы Президенті
Оңалсын Исламұлы Әкімшілігі Басшысының орынбасары
Кәлетаев - Қазақстан Республикасы Президенті
Дархан Аманұлы Әкімшілігі Басшысының орынбасары
Қасымбеков - Қазақстан Республикасы Президенті
Махмұт Базарқұлұлы Кеңесінің бастығы
Түймебаев - Қазақстан Республикасы Білім және
Жансейіт Қансейітұлы ғылым министрі